

14

**Республикалық оқу әдістемелік Кеңесі «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрлар даярлау бағыттары бойынша «Қазақ ұлттық аграрлық университеті» КЕАҚ жанындағы Оқу әдістеме бірлестігінің мәжілісінің № 1 ХАТТАМАСЫ**

Алматы қ.

11 қаңтар, 2019 ж.

**Төраға** - РОӘК ОӘБ-нің төрағасы, «ҚазҰАУ» КЕАҚ Басқарма төрағасы-Ректор, академик Т. Есполов.

**Хатшы** - РОӘК ОӘБ-нің ғалым хатшысы, И. Жанашев.

**Қатысқандар:** 91 адам (Қатысу парағы қосымша келтірілген), 8 ЖОО онлайн қатысты

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылдың 12-қазанындағы №562 бұйрығына сәйкес:

Қазақстан Республикасының КЕАҚ ҚазҰАУ жанындағы Республикалық оқу әдістемелік кеңесінің және «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу әдістеме бірлестігінің мүшелері құрамын бекіту туралы, баяндамашы (*Баяндамашы: Жанашев И. - РОӘК ОӘБ-нің ғалым хатшысы*).

2. ҚР БҒМ 2018 жылдың 13 қазанындағы № 569 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі» білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптаушы мен оқу әдістеме бірлестігінің жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету туралы, ақпарат (*Баяндамашы: Қалыкова Б. - Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры*).

3. ЖОО-ның Академиялық адалдық Лигасына енуі туралы, баяндамашы Нұрманбекова Гүлмира Қадырбекқызы – *департамент директоры*;

4. Қазақ ҰАУ негізіндегі РОӘК ОӘБ-не ұсынылған оқулықтар мен оқу құралдарын қарастыру туралы (*Баяндамашы: Жанашев И. - РОӘК ОӘБ-нің ғалым хатшысы*).

5. Әртүрлі сұрақтарға, баяндамашы (*Баяндамашы: Жанашев И. - РОӘК ОӘБ-нің ғалым хатшысы*).

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Мәжіліс отырысын Калыкова Б. - Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры ашты,

2018 жылдың 4 шілдесіндегі «Қазақстан Республикасының Жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігі туралы заң актілеріне өзгерістер және толықтырулар енгізу» туралы айтты.

Білім және ғылым министрлігінің нормативті-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу туралы 53 жоба жасалды. Оның отызға жуығы жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беруге қатысты екендігін айтты.

Осы заңнаманы іске асыру мақсатында «Ауыл шаруашылығы биоресурстар», «Ветеринария» кадрлар даярлау бағыттары бойынша Республикалық оқу-әдістемелік бірлестігінің кезекті отырысын өткізгелі отырмыз, ұсынатын күн тәртібі төмендегідей:

Кеңес отырысының регламенті ұсынды:

- баяндамашыларға 10-15 минут;
- шығып сөйлеушілерге 3-5 минут;
- сұрақтарды жазбаша-ауызша президумға берілді.

Мәжіліске қатысқандардың жалпы саны - 91, оның ішінде: 27 - ғылым докторы, 53 - ғылым кандидаты, 5 - PhD доктор мен ірі шаруашылықтардың 5-ҒЗИ, 1 - білікті мамандары.



**1-ші сұрақ бойынша** «Қазақстан Республикасының КЕАҚ ҚазҰАУ жанындағы Республикалық оқу әдістемелік кеңесінің және «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу әдістеме бірлестігінің мүшелері құрамын бекіту туралы» РОӘК ОӘБ-нің ғалым хатшысы сөз И. Жанашевқа беріледі;

**ТЫНДАЛДЫ:**

Ғылыми хатшы өз сөзінде былай деді жоғарыда айтылған БҒМ-ның бұйрығының енгізген өзгерістеріне сәйкесті РОӘК құрамын жаңадан серіктес ЖОО-ның берген ұсыныстарын қосып төмендегі құрамда бекітуді ұсынды. (қосымша 1)

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылдың 12-қазанындағы №562 бұйрығына сәйкес: Қазақстан Республикасының КЕАҚ ҚазҰАУ жанындағы Республикалық «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша РОӘК оқу әдістемелік бірлестігінің мүшелері төмендегі құрамда бекітілсін;

**2-ші сұрақ бойынша** «ҚР БҒМ 2018 жылдың 13 қазанындағы №569 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы мен оқу әдістеме бірлестігінің жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету туралы», сөз – *Қалықова Бақыт Баймұратқызы* сөйледі;

Осы сұраққа дайындалған слайдты көрсетіп, бекітілген кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышысында кеткен кемшіліктер аграрлық салада білім беру жүйесіне кесірін тигізетіндігін айтты. Атап айтқанда

**ТЫНДАЛДЫ:**

ҚазҰАУ жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесін және кадрларды даярлау бағыттары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінің ғылым хатшысы И.Жанашев бұл сұрақтың 2019 жылдың 24 қаңтарында ҚазҰАУ-да өткізілген кеңесте № 569 бұйрықтың төңірегінде туындаған сұрақтарды талқылауға дөңгелек үстелге қатысуға келгендерді атады:

Насырханова Бақыт Қайырғазықызы Ауылшаруашылық министрілігінің бас маманы;

Таутенов И.А. - Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Аграрлық технологиялар» кафедрасынан;

Шаянбекова Б.Р. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Су шаруашылығы және жерге орналастыру кафедрасынан;

Султанбекова П.С. М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника» кафедрасының меңгерушісі;

Мусабеков К.К. М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің «Мелиорация және агрономия» кафедрасының меңгерушісі;

Инкарбеков Н.О. М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің «Сушаруашылығы» факультетінің деканы;

Ахметов Е.С. М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті

«Жерге орналастыру және кадастр» кафедрасының профессоры;

Курманова Г.К. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің профессоры.

Сонымен қатар Кеңес мәжілісіне 8 ЖОО-ны онлайн режимде қатысып отыр.

Күн тәртібіндегі сұрақты қарастыруымыз керек, басты мақсат болашақта кадрлар даярлау мәселесінде республикамыздағы ауылшаруашылық мамандарын әлемдік бәсекеге сәйкес даярлауда кемшілік болмас үшін бір шешімге келіп сәйкестік кестесіне бір ауыздан БҒМ-ға ұсыныс беруіміз керек. Сондықтан осы мәселені талқылауға кірісейік.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**



12

**Мусабеков К.К. - М.Х. Дулати атындағы ТарМУ «Мелиорация және агрономия» кафедрасының меңгерушісі** - Су мамандары жоқ болсада, су шаруашылығын басқарып келеміз. Ендігі мәселеде кадрлар даярлау жіктегішінде бекітілгендей етіп сәйкестік кестесінде білім бағдарламасының құрылымын қарастыру керек. Бұл мамандықты құрылысқа қойып қажеті жоқ.

**Шаянбекова Б.Р. - Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Су шаруашылығы жерге орналастыру» кафедрасы** - Гидротехникалық құрылымды соғу керек. Су ресурстарын басқара алмайды. Суды пайдаланатын 7 сала бар. Сорғы (насосный) станцияны білу керек. Су ресурсында насосты білмесе суды қалай пайдаланады қалай маман болады. Судың шамаларын білмейді. Мелиорация 3 бағытта оқытылады. Траекторияны табу керек. Сондықтан бұл мамандықты құрылысқа қою қажет.

**Саркынов Е.С. – Қазақ ұлттық аграрлық университеті «Гидротехника, мелиорация және бизнес» факультетінің деканы** – Су ресурстары және суды пайдалану мен Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау мамандықтары «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» бағытында дайындалуы керек. Біздің шешіміміз осындай. Осы бағыттағы мамандықтардың барлығы біздің РОӘК-ке тиесілі болып, ал сушаруашылығы мамандығы М.Х. Дулати атындағы ТарМУда болса маман даярлаудың сапасы төмендейді.

**Шаянбекова Б.Р. - Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Су шаруашылығы жерге орналастыру» кафедрасының профессоры** - Елімізде су мәселесі, су қоймалары дұрыс салынбағаннан өзендерде су көтеріліп жатыр. «Су ресурстары және суды пайдалану» мен «Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау» мамандықтары суға байланысты болғандықтан «Су шаруашылығында» болғаны дұрыс. Сонда білікті маман болады.

**Сейтасанов И.С. - Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Су ресурстары және мелиорация» кафедрасының меңгерушісі** – аталған мамандықтардың «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» бағытында болғаны дұрыс, өйткені РОӘК-тің жіктеуіште көрсетілгендей Қазақ ұлттық аграрлық университетінде болғаны тиімді: себебі университеттің материалдық техникалық базасы, профессор-оқытушылар құрамының сапасы жоғарғы деңгейде және заманауи талаптарына сай:

«Су ресурстары және суды пайдалану» білім беру бағыты бойынша дайындалып жатқан мамандар ауылшаруашылығына бағытталған. Негізгі жұмысқа орналасуы да ауылшаруашылығы: сушаруашылық мекемелер, ауылшаруашылық кәсіп орындары, фермерлік шаруашылықтар және т.б. агроөнеркәсіп кешенінің салалары. Қазіргі таңда республикамызда 1,4 млн. га суармалы жерлер бар. Үкімет 2028 жылға дейін суармалы жерлердің даму Жоспарын бекітті. Жоспарға сәйкес суармалы жерлер көлемін 3,5 млн га дейін жеткізу мақсатталған. Жоспар бойынша 600 мың га істен шыққан ауылшаруашылық жерлерді іске қосу және 1,5 млн.га жаңа жерлерді іске қосу. Бұл мақсатқа жету үшін «Мелиорация, рекультивация және жерді қорғау», 5B080500 «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандықтары бойынша мамандар қажет болады.

ҚазҰАУ-де «Су ресурстары және мелиорация» кафедрасы мен «Су мәселелері мен мелиорация» ғылыми-зерттеу институты бар. «Су хабы» жұмыс жасайды.

«Су ресурстары және суды пайдалану» және «Мелиорация, рекультивация және жерді қорғау» мамандықтары бойынша мамандарды даярлау 2002 жылдан басталды. «Су ресурстары және мелиорация» кафедрасының оқу, ғылыми, тәрбие жұмыстарын 35 қызметкер: 7 – т.ғ.д., а.ш.ғ.д. профессор; 4- т.ғ.к., а.ш.ғ.к. профессор, 5 - т.ғ.к., а.ш.ғ.к. қауымдастырылған профессор, 2 – т.ғ.к., а.ш.ғ.к. аға оқытушы; 5- PhD доктор, аға оқытушы, 6- ғылым магистры, аға оқытушы, 6 – ассистент және 5 - қосымша оқу қызметкерлері атқарады. ПОҚ орташа жасы – 49 жас, оның ішінде ғылыми атақ дәрежелері бар оқытушылар– 70%.

«Су ресурстары және мелиорация» кафедрасының 9 зертханасында студенттер зертханалық жұмыстарын орындайды, магистранттар, докторанттар өз зерттеу тақырыбы



бойынша зерттеу жұмыстарын атқарады. Зертханалар 2014-2018 жылғы заманауи зертханалық қондырғылармен жабдықталған.

«Су ресурстары және суды пайдалану» және «Мелиорация, рекультивация және жерді қорғау» оқу білім беру бағдарламалары институционалдық және мамандырылған арнайы АРТА (НААР) және БСҚБТА(НКАОКО) Агенттіктерінің аккредитациясының өтті. 2016, 2017, 2018 оқу жылдарының нәтижелері бойынша АРТА (НААР), БСҚБТА(НКАОКО) рейтингі бойынша ҚР ЖОО арасында «Су ресурстары және суды пайдалану» және «Мелиорация, рекультивация және жерді қорғау» оқу білім беру бағдарламалары бойынша ҚазҰАУ бірінші орынға ие болды.

Кафедрада ғылым, білім беру мен өндірісті интеграциялау саласын кадрлармен қамтамасыз ету, тиімді шетелдік технологияларды беру мақсатында келесі іс-шаралар жүргізіледі:

- Ташкент суару және ауыл шаруашылығын механикаландыру институтымен, Тәжікстан мемлекеттік аграрлық университеті мен Шириншох Шотемур, Александрас Стулгинскас университеті, Литва бірлескен білім беру бағдарламалары әзірленді.

- Шетелдік ЖОО-мен қос дипломды білім беру туралы келісімдер (Брест мемлекеттік техникалық университеті, Белоруссия, Варшава жаратылыстану ғылымдары университеті, Польша, Литва, Александра Стулгински университеті).

- Erasmus+ бағдарламасы бойынша кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамының шетелдік жоғары оқу орындарында дәрістері енгізілді.

**Султанбеков Париды Сынабайқызы - М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника» кафедрасының меңгерушісі** – 4- мамандық бойынша суды пайдалану керек, суды ашуылшаруашылығында көп пайдаланады – «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» бағытында қалдыру керек деп ұсынамын.

**Курманова Г.К. - С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің профессоры** - жаңа мамандықтар жіктеуішінің сәйкестік кестесінің жобасын қарастырып, «Жерге орналастыру» және «Кадастр» мамандықтарының «Архитектура және құрылыс» дайындық бағытында болуына қарсы емес екендігін айтты.

**Ахметов Е.С. - М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің «Мелиорация және агрономия» кафедрасының меңгерушісі** - «Жерге орналастыру», «Кадастр» мамандықтарын «Қызмет» саласына жатады, ол қалай «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» бағытына кетті. Сіздер біздің ұсыныстарды ескермей отырсыздар.

**Бектурганова Ақерке Ерденқызы – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Жер ресурстары және кадастр» кафедрасының меңгерушісі** - Жаңа мамандықтар жіктеуішінің сәйкестік кестесінің жобасын қарастырып, жерге орналастыру білім беру бағдарламасын, үш деңгей бойынша, «Архитектура және құрылыс» дайындық бағытынан «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» білім беру бағытына ауыстыруды сұраймыз, себебі жерге орналастыру кадастр мамандықтарының түлектері жер ресурстарын басқару комитетінде, жер қатынастарын басқару бөлімдерінде, жерді пайдалану мен қорғауды бақылау мекемелерінде жұмыс жасайтын әмбебап мамандар, сонымен қатар, олар ауыл шаруашылығы жерлерін ұтымды да тиімді пайдалануды, топырақтың құнарлы қабатының сақталуын, өсімдік жамылғысы мен экологияны қадағалайды. Жерге орналастырушы және кадастр мамандарының заңмен белгіленген ең басты қағидасы ауыл шаруашылығы жерлерінің приоритетін сақтау болып табылады.

1. ландшафтық-экологиялық көзқарас негізінде жерге орналастырудың, жерді аймақтарға бөлудің, Жер ресурстарын пайдаланудың, жақсартудың және қорғаудың республикалық, облыстық және өңірлік сызбаларын (жобаларын) әзірлеу;

2. қолданыстағы жер пайдалануды реттеу және құру бойынша шаруашылық аралық және шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобаларын құру, жергілікті жерде жер учаскелерінің шекараларын белгілеу және бөлу;



3. елді мекендердің шекарасын (шегін) анықтау және белгілеу, оларды жер-шаруашылық орналастыру жобаларын жасау;

4. жергілікті жерде әкімшілік - аумақтық құрылымдардың, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың және жерді пайдалану мен қорғаудың ерекше жағдайлары бар басқа да жер учаскелерінің шекараларын белгілеу;

5. тозған жерлерді қалпына келтіру және жаңа жерлерді игеру жобаларын, сондай-ақ жерді пайдалану мен қорғауға байланысты басқа да жобаларды әзірлеу, келісу және беру, бекіту;

6. жерге қайта тексеру жүргізу, пайдаланылмайтын, тиімсіз пайдаланылмайтын немесе нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмайтын жерлерді анықтау;

7. топографиялық-геодезиялық, картографиялық, топырақтық, геоботаникалық және басқа да зерттеу және іздестіру жұмыстарын жүргізу;

8. жер ресурстарының жай-күйі мен пайдалануының тақырыптық карталары мен атластарын құрастыру.

**Насырханова Бақыт Қайырғазықызы - Ауылшаруашылық министірлігінің бас маманы** – Осы жерде отырысқа қатысып отырған ЖОО-дары мен басқа АШМ-не қатысты үш оқу орнынан басқа ауыл шаруашылық мамандықтарын 22 ЖОО-ы дайындайды. Олардың да пікірлерін ескергеніміз жөн, мысалы «Малшаруашылық өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығын «Зооинженер» деп атауға ұсыныс жасап, министрлікке хаттар түсіп жатыр. Мысалы Ақтөбе, Павлодар, Тараз қалаларынан.

**Махашев Еділ Шакубайұлы - Қазақ ұлттық аграрлық университеті - «Ветеринария» факультетінің деканы** - 6B091 «Ветеринария» кадрлар даярлау бағыты бойынша жаңа білім стандартында 4 жылдық деп көрсетілген, соның орнына 5 жыл деп өзгертуді енгізуіңізді сұраймыз, кредит көлемі 300. Сонымен қатар «6B092; 7M092; 8D092 – Тағам қауіпсіздігі» мамандығын 3 деңгейде 6B091 «Ветеринария» кадрлар даярлау бағытына енгізуді сұраймыз.

БҒМ Министрінің 31.10.2018 ж. бекітілген жоғары білім туралы білім берудің жалпыға мемлекеттік стандартының №31 тармағында «Өнер», «Ветеринария», «Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс» бағыттары бойынша білім берудің аяқталғандығының негізгі өлшемшарты білім алушылардың 240 академиялық кредитерінен кем емес болу керек деп көрсетілген.

Осыған орай, үш аграрлық бағыттағы ЖОО (ҚазҰАУ, С.Сейфуллин ат.ҚазАТУ, Жәңгірхан ат. БҚАТУ) ұсыныстарын ескере келе, жоғары білім ББЖМС-ғы

**Жумагулов Жандос Боранбайұлы - Қазақ ұлттық аграрлық университеті - «Аграрлық техника және технологиялар» кафедрасының меңгерушісі** - «Аграрлық техника және технология» мамандығы «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығының заңды және толыққанды жалғасы болып табылады. Аталған мамандық қазіргі заманғы агроөнеркәсіп саласында сұранысқа ие, нарықтық қатынастарға негізделген, үлкен инновациялық әлеуетке ие және республиканың ауыл шаруашылығы кооперациясы жағдайында өндірістің негізі болып табылады.

Өлемдік тәжірибе көрсеткендей, компьютерлік техникамен жабдықталған жоғары технологиялық Күрделі жабдықтарды, жаңа машина-трактор агрегаттарын, өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығына арналған машиналар мен жабдықтар кешендерін пайдалану талап етіледі. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, қайта өңдеу және сақтау мәселесі өзекті болып табылады, сондықтан инженерлік білімі бар тиісті мамандарды даярлауды талап етеді.

Қазіргі заманғы өндірісте барлық үдерістер механикаландырылған және автоматтандырылған және оларды пайдалану және қызмет көрсету үшін жоғары білікті инженерлік саланың мамандары қажет, олар аграрлық-технологиялық және техникалық бейін бойынша жоғары оқу орындарында оқытудан өтуі тиіс.



**Шыныбай Жандос Сапарғалиұлы - Қазақ ұлттық аграрлық университеті - «Энергия үнемдеу және автоматтандыру» кафедрасының меңгерушісі** - 2011 жылы ашылған "Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету" мамандығы әмбебап болып табылады, ол қазіргі жағдайда экономиканың нарықтық конъюнктурасы, ақпараттың, техника мен технологиялардың тез ауысуы жағдайында қалыптасты және ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің тапсырысы бойынша ҚРК-08-2009 жіктегішіне енгізілді. Мамандық дайындау бағдарламасы жылу техникасы мен жылу технологиясының ғылыми, теориялық, техникалық және әдістемелік негіздеріне, электротехника мен электротехнологияға, электроника мен технологиялық процестерді автоматтандыруға, жаңартылатын энергия көздеріне, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиясына (өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы) негізделген.

**Калыкова Бақыт Баймұратқызы - Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Оқу және оқу әдістемелік жұмыстар жөніндегі» проректоры** – Жіктеуіштің «Өсімдік шаруашылығы» болып қарастырылғанына 4 жылға жуық уақыт болды. Жіктеуішті содан бері осы уақытқа дейін қарастырып келеміз, біз барлық деңгейде өз ұсыныстарымызды тұжырымдап бердік. Тоқсан жылдық тарихы бар қара шаңырақта барлық мүмкіндік бар екеніне ешкім күмән келтірмес, сондықтан бөліп жармай «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» бағытында «Су ресурстары және суды пайдалану» мен «Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау» мамандықтары қарау керек.

2018 жылдың 4 шілдедегі «Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігі туралы заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу» туралы заң қабылданды.

Білім және ғылым министрлігімен нормативті-құқықтық актілерге өзгерістер енгізуге 53 жоба жасалды. Оның 30-ға жуығы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруге қатысты.

«Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрлар даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік бірлестігінің кезекті мәжілісі **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. ҚР БҒМ 2018 жылдың 13 қазанындағы № 569 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеушісін бекіту туралы бұйрығына сәйкес оқу-әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету туралы, ақпарат назарға алынсын;

2. ҚР БҒМ Министрінің бұйрығы № 562 12.10.2018 Қосымшасының «Оқу әдістемелік бірлестігі саналатын жоғары және (немесе) жоғарыдан кейінгі білім беру мекемелерінің атаулары» бөлімінде 086 «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандар даярлау бағыты бойынша Қазақ ұлттық аграрлық университетінде бекітілсін.

1 Кесте

| Кадрлар дайындау бағытының атаулары               | Мамандықтар                                                  | ЖОО                       |
|---------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|---------------------------|
| <b>07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары</b> |                                                              |                           |
| В074, 6М074 Су шаруашылығы                        | 6В074400, 6М074400<br>Гидротехникалық құрылыс және имараттар | М.Х.Дулати атындағы ТарМУ |
| <b>08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстары</b>     |                                                              |                           |
| 6В086, 6М086 Су ресурстары және суды пайдалану    | 5В080500 Су ресурстары және суды пайдалану                   | ҚазҰАУ                    |
|                                                   | 5В081000 Мелиорация, рекультивация және жерді қорғау         |                           |



Қорыта айтқанда, Қазақ Ұлттық аграрлық университетін 086 «Су ресурстары және суды пайдалану» кадрлар даярлау бағыты бойынша Оқу әдістемелік бірлестігінің Республикалық оқу әдістемелік кеңесі Қазақ ұлттық аграрлық университеті негізінде орналассын.

Жіктеуіште «Су ресурстары және суды пайдалану» және «Мелиорация, рекультивация және жерді қорғау» мамандықтары 08 «Ауылшаруашылығы және биоресурстары» кадрларды даярлау бағытында болсын.

3. Жоғарыда айтылғандарға байланысты, «6B085,7M085,8B085 - Жерге орналастыру» бағыты "6B085,7M085, 80085-Агроинженерия" бағыты бойынша оған 5B080600-"Аграрлық техника және технология" және 5B081200- "Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету" мамандықтарын PnD бакалавриат, магистратура және докторантурасының үш деңгейі бойынша енгізе отырып, «6B085, 7M085, 8B085 - Жерге орналастыру» бағыты бойынша жіктеуішке өзгерістер енгізілсін.

4. Жоғарыда айтылғандардан 5B090300 – «Жерге орналастыру» және 5B090700 – «Кадастр» мамандықтарын «Сәулет және құрылыс» білім беру саласына енгізу орынсыз, өйткені сәулет және құрылыс елді мекен жерлерінде жоспарланады. Сондықтан 5B090300 «Жерге орналастыру» және 5B090700 – «Кадастр» мамандықтарын «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» кадрлар даярлау бағытында қалдырылсын.

Білім беру саласындағы бағдарламаларға сай топтар үшін 6B08 – «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» Ұлттық бірыңғай тестілеудің және кешенді тестілеудің бейіндік пәндер комбинациялары мен магистратураға қабылдау кезінде пәндері өзгеріссіз қалдырылсын.

5. 6B091 Ветеринария бағыты бойынша: 6B09 «Ветеринария» бағытында білім беру саласы бойынша қосымша «6B092; 7M092; 8D092–Тағам қауіпсіздігі» мамандығын 3 деңгейде енгізілсін.

6B091 Ветеринария мамандығын даярлау бағытына 4 жылдың орнына 5 жыл деп өзгертіліп кредит көлемі 300 деп енгізілсін.

**2009 жылғы Қазақстан Республикасы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі мамандықтар жіктеуішінің және Қазақстан Республикасы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі 2018 жылғы кадрлар даярлау бағыты жіктеуішінің сәйкестендіру кестесі**

2 Кесте.

| 2018 жылғы Қазақстан Республикасы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі мамандар даярлау бағытының жіктеуіші |                                  | 2009 жылғы Қазақстан Республикасы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі мамандықтарының жіктеуіші |                                               |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------|
| Мамандар даярлау бағытының коды                                                                               | Мамандар даярлау бағытының атауы | Мамандық коды                                                                                      | 2009-Жіктеуіші бойынша мамандық атауы         |
| <b>БАКАЛАВРИАТ</b>                                                                                            |                                  |                                                                                                    |                                               |
| <b>08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар</b>                                                                  |                                  | <b>8 Ауылшаруашылық ғылымдары</b>                                                                  |                                               |
| 6B081                                                                                                         | Өсімдік шаруашылығы              | 5B080100                                                                                           | Агрономия                                     |
|                                                                                                               |                                  | 5B080800                                                                                           | Топырақтану және агрохимия                    |
|                                                                                                               |                                  | 5B080900                                                                                           | Жеміс-көкөніс шаруашылығы                     |
|                                                                                                               |                                  | 5B081100                                                                                           | Өсімдік қорғау және карантин                  |
| 6B082                                                                                                         | Мал шаруашылығы                  | 5B080200                                                                                           | Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы |



|                                       |                                   |                            |                                                 |
|---------------------------------------|-----------------------------------|----------------------------|-------------------------------------------------|
| 6B083                                 | Орман шаруашылығы                 | 5B080300                   | Аңшылықтану және аң шаруашылығы                 |
|                                       |                                   | 5B080700                   | Орман ресурстары және орман шаруашылығы         |
| 6B084                                 | Балық шаруашылығы                 | 5B080400                   | Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау |
| 6B085                                 | Жерге орналастыру                 | 5B090300                   | Жерге орналастыру                               |
|                                       |                                   | 5B090700                   | Кадастр                                         |
| 6B086                                 | Су ресурстары және суды пайдалану | 5B080500                   | Су ресурстары және суды пайдалану               |
|                                       |                                   | 5B081000                   | Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау         |
| 6B08088                               | Агроинженерия                     | 5B080600                   | Аграрлық техника и технология                   |
|                                       |                                   | 5B081200                   | Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету     |
| 09 Ветеринария                        |                                   | 12 Ветеринария             |                                                 |
| 6B09                                  | Ветеринария                       | 6B091                      | Ветеринарная медицина                           |
|                                       |                                   | 6B092                      | Тағам қауіпсіздігі                              |
| МАГИСТРАТУРА                          |                                   |                            |                                                 |
| 08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар |                                   | 8 Ауылшаруашылық ғылымдары |                                                 |
| 7M081                                 | Өсімдік шаруашылығы               | 6M080100                   | Агрономия                                       |
|                                       |                                   | 6M080800                   | Топырақтану және агрохимия                      |
|                                       |                                   | 6M080900                   | Жеміс-көкөніс шаруашылығы                       |
|                                       |                                   | 6M081100                   | Өсімдік қорғау және карантин                    |
| 7M082                                 | Мал шаруашылығы                   | 6M080200                   | Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы   |
| 7M083                                 | Орман шаруашылығы                 | 6M080300                   | Аңшылықтану және аң шаруашылығы                 |
|                                       |                                   | 6M080700                   | Орман ресурстары және орман шаруашылығы         |
| 7M084                                 | Балық шаруашылығы                 | 6M080400                   | Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау |
| 7M085                                 | Жерге орналастыру                 | 6M090300                   | Жерге орналастыру                               |
|                                       |                                   | 6M090700                   | Кадастр                                         |
| 7M086                                 | Су ресурстары және суды пайдалану | 6M080500                   | Су ресурстары және суды пайдалану               |
|                                       |                                   | 6M081000                   | Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау         |
| 7M087                                 | Агроинженерия                     | 6M080600                   | Аграрлық техника және технология                |
|                                       |                                   | 6M081200                   | Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету     |
| 09 Ветеринария                        |                                   | 12 Ветеринария             |                                                 |
| 7M091                                 | Ветеринария                       | 7M091                      | Ветеринарная медицина                           |
|                                       |                                   | 7M092                      | Тағам қауіпсіздігі                              |
| ДОКТОРАНТУРА                          |                                   |                            |                                                 |
| 08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар |                                   | 8 Ауылшаруашылық ғылымдары |                                                 |



|                |                                   |                |                                                 |
|----------------|-----------------------------------|----------------|-------------------------------------------------|
| 8D081          | Өсімдік шаруашылығы               | 6D080100       | Агрономия                                       |
|                |                                   | 6D080800       | Топырақтану және агрохимия                      |
|                |                                   | 6D080900       | Жеміс-көкөніс шаруашылығы                       |
|                |                                   | 6D081100       | Өсімдік қорғау және карантин                    |
| 8D082          | Мал шаруашылығы                   | 6D080200       | Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы   |
| 8D083          | Орман шаруашылығы                 | 6D080300       | Аңшылықтану және аң шаруашылығы                 |
|                |                                   | 6D080700       | Орман ресурстары және орман шаруашылығы         |
| 8D084          | Балық шаруашылығы                 | 6D080400       | Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау |
| 8D085          | Жерге орналастыру                 | 6D090300       | Жерге орналастыру                               |
|                |                                   | 6D090700       | Кадастр                                         |
| 8D086          | Су ресурстары және суды пайдалану | 6D080500       | Су ресурстары және суды пайдалану               |
|                |                                   | 6D081000       | Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау         |
| 8D087          | Агроинженерия                     | 6D080600       | Аграрлық техника және технология                |
|                |                                   | 6D081200       | Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету     |
| 09 Ветеринария |                                   | 12 Ветеринария |                                                 |
| 8D091          | Ветеринария                       | 8D091          | Ветеринарная медицина                           |
|                |                                   | 8D092          | Тағам қауіпсіздігі                              |

**3-ші сұрақ бойынша** сөз сөйлеген Нұрманбекова Гүлмира Қадырбекқызы – бұл сұрақ 2018 жылдың қараша айында БҒМ-да қаралып талқыланығанын және оған 30 жоғары ЖОО орындары тізімге енгенін, олардың ішінде 11-і Академиялық адалдық Лигасына мүшелікке енгенін атап айта келіп біздің университет тарапынан сол Лигаға енуге атқарылып жатқан жұмыстар жайлы айтылды.

#### **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

ЖОО-ның Академиялық адалдық Лигасына енуі туралы ақпарат қолдансын.

**4-ші сұрақ бойынша** сөз РОӘК ОӘБ-нің ғалым хатшысы И. Жанашевқа беріледі 2018 жылы бірлестікке келіп түскен 22 оқулықтармен оқу құралдарының мезгілімен мамандық бағытына сәйкесті сектор эксперттеріне жіберіліп солардың жазған ұсынысымен 4 оқулықтың екеуі, 18 оқу құралдарының оны баспаға ұсынылғанын, 2 оқулықпен 8 оқу құралдарының қайта жөндеуге қайтарылғаны жайлы айтып осы шешімді бекітуді ұсынды.

#### **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

Қазақ ҰАУ негізіндегі РОӘК ОӘБ-не ұсынылған оқулықтар мен оқу құралдары тізімге сәйкес бекітілсін (2-қосымша).

**5-ші сұрақ бойынша** «Өртүлі сұрақтар» жайлы сөз сөйлеген ғалым хатшы И. Жанашев үстіміздегі жылы «Аграрлық техника және технология» мамандығы бойынша бакалавриат деңгейінде арнайы дайындалған «Агроинформатика» білім беру бағдарламасына сәйкесті күзден бері 2-ші курс студенттеріне сабақ жүргізіліп жатқанын айтып, оны бекітетін сол кезден бері кеңес отырысы болмағанын ескеріп, осы кеңестің шешімімен «Агроинформатика» білім беру бағдарламасын бекітуді ұсынды.

#### **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**



«Аграрлық техника және технология» мамандығының бакалавриат деңгейіне арнайы дайындалған «Агроинформатика» білім беру бағдарламасы бекітілсін.

Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрлар даярлау бағыттары бойынша Қазақ ұлттық аграрлық университеті жанындағы оқу-әдістемелік бірлестіктің 2018-2019 оқу жылына жаңа талаптарға сәйкес өзгертіліп жасалған жұмыс жоспарын бекітуді ұсынды.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

РОӘК-нің «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрлар даярлау бағыттары бойынша Қазақ ұлттық аграрлық университеті жанындағы оқу-әдістемелік бірлестіктің 2018-2019 оқу жылына жаңа талаптарға сәйкес өзгертіліп жасалған жұмыс жоспары бекітілсін.

**РОӘК ОӘБ төраға орынбасары,  
бірінші проректор**

**К.Тиреуов**

**Оқу және оқу-әдістемелік  
жұмыстары жөніндегі проректор**

**Б.Калыкова**

**РОӘК ОӘБ Ғалым хатшысы**

**И.Жанашев**

